

Шет ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің "Үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімшесі" коммуналдық мемлекеттік мекемесін құру туралы

Қарағанды облысы Шет ауданының әкімдігінің 2025 жылғы 30 желтоқсандағы № 119/01 қаулысы

Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінің 19-бабының 9) тармақшасына, "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 18-бабына, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 22 маусымдағы №230 бұйрығымен бекітілген Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйымдар қызметтің қағидаларының 2-1-тармағына сәйкес, Шет ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шет ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің "Үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімшесі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Бөлімшесі) құрылсын.

2. Бөлімшесінің уәкілетті органы "Шет ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі болып белгіленсін.

3. "Шет ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі:

1) заңнамада белгіленген тәртіппен Бөлімшесінің мемлекеттік тіркелуін әділет органдарында қамтамасыз етсін;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Шет ауданы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

Шет ауданының әкімі

М.Мұхтаров